

«Бекітілді»

Мектеп директоры:



..... О.Х.Хуандыкова

28.08.2020 ж.

Атырау қаласы
№ 34 көп салалы мектеп-гимназиясы

2020-2025 жылдарға арналған

МЕКТЕПТІ ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

№34 көп салалы мектеп - гимназиясы

МЕКТЕП ҰСТАНЫМЫ:

БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ : БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК.

Оқу-тәрбие үдерісі тиімді оқыту мен саналы тәрбиеге бейімделген, заман талабына жауап бере алатын функционалды сауатты тұлғаны көру.

МЕКТЕП МИССИЯСЫ: Жаһандану үдерісін қабылдауға қабілетті, өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлғаны дайындауда өзгеріске бейімделген педагогтардың тәжірибесі арқылы көшбасшылық идеяларын жоғары ұстанатын білім беру ұйымына айналу.

**2020-2025 жылдарға арналған
№34 көп салалы мектеп-гимназиясының даму бағдарламасының
ТӨЛҚҰЖАТЫ**

Атауы	№34 көп салалы мектеп-гимназиясының 2020-2025 оқу жылына арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеушілер	Мектеп әкімшілігі, мектептің әдістемелік кеңесі мен педагогикалық ұжымы ,мектептің қамқоршылық кеңесі
Мектептің даму бағдарламасын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> - "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы - "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - «Бала құқықтары туралы» Конвенция (Нью-Йорк, 1989 жылғы 20 қараша) (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77 Қаулысымен ратификацияланған) - "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II ҚР Заңы - Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы №484 қаулысы) - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері - ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019.02.09 «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері	<ul style="list-style-type: none"> ➤ 1-кезең - (2020-2021 оқу жылы) диагностикалық - талдама жұмысы. Мектептің білім беру жүйесінің жағдайын зерделеу, талдау, бағдарламаны дайындау және мұғалімдерді ақпараттандыруды қамтамасыз ету; ➤ 2-кезең - (2022-2024 оқу жылы) тәжірибелік жұмысты жүзеге асыру. Бағдарламаның жетекші бағыттарын іске асыру, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; ➤ 3- кезең - (2024-2025 оқу жылы) алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірибе нәтижесін талдау, мониторингтеу және жариялау;
Бағдарламаның мақсаты	<p>Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім берудің, тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолайлы білім беру ортасын құру, бақылау, бағамдау, басқару, атқарылған әрекеттердің тиімділігін анықтау.</p>
Бағдарламаны іске асырудағы міндеттер	<ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. • Мұғалімдердің зерттеушілік құзіреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту. • Сараптаулар мен салыстырмалы талдаулардың мониторингісін жасау. • Оқу-әдістемелік, психологиялық жетелеуді жолға қою. • Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін дамыту және оқушы тұлғасын әлеуметтендіру. • Сыныптағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізу. • Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау. • Желілік қоғамдастық және ресурстық орталық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу. • Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту. • Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. • Қамқоршылық кеңестің мектеп өміріне қатысу саласы мен нысандарын кеңейту. • Ата-аналармен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастықты нығайту. • Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен және заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықтандыру.

Күтілетін нәтиже:	<ul style="list-style-type: none"> • Қосымша білім беру орталығы жағдайында оқушыларды ынталандыру, даярлау және кәсіптік бағдарлау үшін жағдай жасау. <p>2021-2025 жж. арналған бағдарлама іс-шараларын іске асыру мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Білім сапасына мониторинг жүргізу мен оқушылардың оқудағы жетістіктерінің бағалануы; • Мұғалімдердің өздігінен білім алуын белсенді етудің әдістемелік қызметінің жетілдірілуі; • Мұғалім қызметінің «Үйретушіден» «Ұйымдастырушыға» ауысуы; • «Шәкірттер үшін» ұстанымынан «Шәкірттермен бірге» ұстанымына ауысуы; • Гимназиялық сыныптардың, пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптардың жұмысының жүйеленуі; • Олимпиада, ғылыми-зерттеу жобаларының, әр түрлі зияткерлік сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің санының өсуі; • Оқушылардың қосымша білім беру қызметімен қамтылуы; • Оқу пәндерінің электронды білім ресурстарымен барынша қамтамасыз етілуі; • Мектептің білім беру сапасын арттыруға, оқушының әлеуметтенуіне ықпал ететін серіктес жоғары оқу орындарымен желілік өзара әрекеттің кеңеюі; • Біліктілікті арттыру курстарынан өту арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің өсуі; • Гимназиялық сынып оқушыларының жетістіктері портфолиосының жасақталуы; • Оқушылардың өз бетімен білім алудың жолдарын меңгеруі; • Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы оқушыларды психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдаудың жүзеге асуы; • Халықаралық зерттеулерге қатысу арқылы функционалдық сауаттылықты арттыруы; • Мектептің Қамқоршылық Кеңесінің рөлінің артуы.
Бағдарламаның орындалуын бақылау	<ol style="list-style-type: none"> 1. ӘБ жетекшілерінің есептері (жарты жылда бір рет). 2. Бағдарлама басшыларының есебі (жылына 1 рет) 3. Мектеп директорының педагогикалық кеңесте есебі (жылына 1 рет).
Мектептің даму бағдарламасының	<ol style="list-style-type: none"> 1- бағыт Құндылықтар мен мәдениет 2- бағыт Оқу-тәрбие үдерісін басқару және көшбасшылық

жүзеге асырылу бағыттары	3- бағыт Білім беру бағдарламасының іске асырылуына ғылыми-әдістемелік басшылық 4- бағыт Мұғалімдердің өз бетімен білім алуы мен өзгелерді оқытуы арқылы дамуы 5- бағыт Оқушылардың жеке дамуы және оқу жетістіктері 6- бағыт Денсаулық және қауіпсіздік 7- бағыт Ата-аналармен және қамқоршылық кеңеспен ынтымақтастық 8- бағыт Материалдық - техникалық ресурстар және қаржыландыру
Қаржыландыру	Тиісті жергілікті бюджеттерден мектепті дамытуға бөлінетін қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны жасақтау барысында жүргізілген диагностикалық - талдама жұмысы

SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> • Ұжым құрамының тұрақтылығы; • Республика бойынша мектептің үздік ондықтың қатарынан көрінуі; • Мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығының артуы; • Онлайн сервистер және платформалармен жұмыс түрлерін меңгерулері; • Дарынды оқушылармен жұмыстың нәтижеге бағытталып жүргізілуі; • Оқушылардың шығармашылық, спорттық сайыстардағы жетістіктерінің артуы; • Мектептің веб сайты, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілер жұмысының жолға қойылуы; 	<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру магистрлерінің аздығы; • Гендерлік сәйкессіздік (әйел мұғалімдердің басым болуы) • Педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру үшін кәсіби байқауларға қатысуының төмендігі; • Жаңа модификациялық үлгідегі кабинеттер мен STEM-кабинеттің болмауы;
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатері
<ul style="list-style-type: none"> • Іс - тәжірибе тарату жұмысының нәтижелігін арттыру; • Халықаралық зерттеулерден жоғары нәтиже көрсету; • Электрондық әдістемелік қор жасақтау; • Кітапханада электронды ресурстар қорын жинақтау; • Озат тәжірибені республикалық, халықаралық басылымдарға жариялау; 	<ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдіру мен сабақ сапасын арттыруда Lesson Study үдерісінің тұрақты жүргізілмеуі; • Сапалық құрамның өзгеруі (жас санатсыз мұғалімдер)

<i>1-бағыт</i>		ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИЕТ				
<i>1-басымдық</i>		<i>Білім алушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту</i>				
<i>2-басымдық</i>		<i>Мектептегі әрбір тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру және қоғам өміріне бейімдеу</i>				
<i>№</i>	<i>Іс-шара</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Іске асыруға жауапты</i>	<i>Ресурстар</i>	<i>Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)</i>	<i>Нәтижесі туралы ақпарат</i>
1	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру	«Мәңгілік Ел» тұжырымдамалық идеологиясын жүзеге асыру мақсатында онкүндік өткізу	Бірлестік жетекшілері	Жоспары, жоспарлан әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті құралдар	Сабақтарда құндылықтарға баулу бойынша жүзеге асырылған әрекеттер талдауы қыркүйек	Сабақтарда құндылықтарға баулу бойынша талдау нәтижелерін жүргізу
2	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының: «Туған жер», «Қазақстанның құнды географиясы», «Қазіргі әлемдегі заманауи қазақ мәдениеті», «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобаларының негізінде тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды жалғастыру	Жобалар бағыты бойынша тәрбиелік шаралар ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер, оқушылар	Көрнекіліктер	Тәрбиелік шаралар талдауы жыл бойы	Мектеп сайтында ақпарат беру

3	Сабақтарға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру	Оқушыны ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарға бағдарлау, мемлекеттік тілді, қазақ халқының, ҚР этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу	Пән мұғалімдері	Ұлттық тәрбиенің қалыптасуын бағалау критерийлері (Тәрбие тұжырымдама -сының негіздері, 2019 ж)	Бағалау қорытындысы қыркүйек -сәуір	Мұғалімнің сабақта құндылықтарға баулу әрекеттерін бағамдау қорытындысы
4	Сабақ үдерісіне зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды енгізу, оқыту мен оқуды саралауды жүзеге асыру	Оқушының зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік орта құру	Пән мұғалімдері, зерттеуші топ	Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар	Сабақ жоспары және сабақты талдау қыркүйек -мамыр	Мұғалім тәжірибесін бағалау
5	Сабақтардағы дене дамуы және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту жұмыстары	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыратын орта орнату	Пән мұғалімдері	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын бағалау критерийлері (Тәрбие тұжырымдама сының негіздері, 2019 ж)	Сабақта оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша қағидаттардың орындалуын бағалау қараша, наурыз	Сабақты бақылау парақтары, оны жүйелеу
6	Сабақ арасындағы үзілістерде флэш-	«Саламатты Қазақстан»	Директордың тәрбие ісі	Би, спорттық жаттығуларға	«Оқушы үнін тыңдау» үнемі	Мектеп сайтында тәжірибелік

	мобтар, әр аптаның бір күнінде денсаулық күнін өткізу	бағдарламасын жүзеге асыру	жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қажетті әуендер		жұмыстар жариялау
7	Қазақстандық патриотизмге, азаматтық және құқықтық тәрбиеге байланысты акциялар, байқаулар, кездесулер ұйымдастыру	Қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру, оқушыларды жауапкершілікке даярлау	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, кітапханашы	Әдістемелік, ғылыми әдебиеттер, құжаттар, бейнефильмдер	Іс-шаралар талдауы, «оқушы үні», «сыншы дос» пікірі қыркүйек-мамыр	Мектеп сайтында жариялау
8	Өлкетану экспедициялары, жобаларға қатысу, workshop, тимбилдинг, тренингтер ұйымдастыру	Өз өлкесіне деген құрмет, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру	Сынып жетекшілері, мектеп психологтары	Экологиялық соқпақ, workshop, тимбилдинг жоспарлары	«Оқушы үні» жыл ішінде	Мектеп сайтында жариялау
9	Қайырымдылық акцияларына қатысу және өткізу	Мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын сіңіру, қажеттілік туындаған топтарға қолдау көрсетуге бейімдеу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар	Бастамашыл топ, демеушілік білдірген тұлғалар, жарнама, медиа, видео, фоторесурстар	Іс-шаралардың нәтижелері бойынша есеп қыркүйек, ақпан	Жұмыс нәтижесі мониторингісі
10	Қосымша білім беру жұмыстары, туристік жорықтар, сенбіліктер, абаттандыру жұмыстары, экологиялық форумдар	Экологиялық және экономикалық сауаттылықты қалыптастыру, оқушының өзін кәсіби анықтауын қалыптастыру	Сынып жетекшілері, факультатив, арнайы курстар жүргізетін мұғалімдер, психологтар	Мұражайлар, бейнефильмдер, интернет ресурстар	Іс-шаралар талдауы, «оқушы үні», «сыншы дос» пікірі қазан-қараша, наурыз-сәуір	Баспа және сайтта жарияланым

11	Педагогикалық консилиумдар, «Ата-аналар» қоғамдастығының жұмысы	Өзіндік «Мені» бар тұлғаны қалыптастыру	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті	Психологиялық, ғылыми әдебиеттер, бейнефильмдер	Консилиум талдауы жылына 4 рет жоспарға сай	Хаттамалар
12	Мектептің Қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетінің жұмыстары, бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу	Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық күзінеттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, кітапханашы, психологтар, әлеуметтік педагог	Бала тәрбиесіне қатысты әдебиеттер	Кеңес отырыстары жарты жылдықта бір рет	Ата-аналардың кері байланыс түріндегі бейнежолдаулары
13	«Репродуктивті денсаулықты және жастар мен жасөспірімдердің қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобаларын енгізу	Оқушыны болашақ өмірге дайындау, ата-ана тәрбиесінің маңыздылығын ұғындыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер	Жоба жұмысының жоспары, көрнекілігі	Жоба жұмысының тиімділігін анықтау жыл ішінде	Сынып жетекшілерінің талдауы
14	Оқушы қызығушылығы бойынша жұмыстар, Зияткерлік ойындар, олимпиадалар, шығармашылық жобалар, оқырмандар сайысы	Оқушының зияткерлік мүмкіндігін дамыту, шығармашылыққа баулу, Интернет-сауаттылық қалыптастыру, зерттеушілік дағдыны	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, кітапханашы	Виртуалды зертханалар, сайт сілтемелері, әдістемелік, ғылыми әдебиеттер	Іс-шаралар талдауы, «оқушы үні», «сыншы дос» пікірі қыркүйек-сәуір	Мониторингтік талдаулар

		қалыптастыру				
15	Мектеп оқушылары Парламентінің «өзін-өзі басқару» жүйесі бойынша тоқсандық шаралар ұйымдастыру	Мектеп оқушылары Парламентінің «өзін-өзі басқару» жүйесін жолға қою	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп оқушылары Парламенті	Шаралар өткізуге қажетті презентациялар, көрмелер	«Оқушы үні» жылына 4 рет жоспарға сай	Бейнероликтер дайындау
16	Оқушылардың өзінің жеке даму траекториясын құруына қолдау көрсету, сүйемелдеу	Өзін-өзі басқару және бағалау, рефлексиялық ойлау дағдысын қалыптастыру	Сынып жетекшілері, оқушылар	Түрлі жанрдағы әдебиеттер, ата-ана, досының, сыныптасы, сынып жетекшісінің жолдаулары	Оқушы күнделігі, кері байланысы <i>сәуір-мамыр</i>	Рефлексиялық есеп

2-бағыт		ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ				
1-басымдық		Оқыту мен оқу әдістерін жетілдіру				
2-басымдық		Мұғалімдердің оқу-әдістемелік қажеттілігін анықтау, қажеттілікке сәйкес әрекет ету және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру				
3-басымдық		Оқушылардың тұлғалық деңгейінің дамуына ықпал ету				
4-басымдық		Оқыту тәжірибесін жақсарту мақсатында мұғалімдер қоғамдастығын дамыту				
№	Іс-шаралар	Мақсаты	Іске асыруға жауапты	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Мектептің өзін-өзі бағамдауын іске асыру (оқушы туралы деректер жинау, ата-аналардан,	Мектептің даму басымдықтарын анықтау, оны ұжыммен таныстыру	Зерттеуші топ, Қамқоршылық кеңес мүшелері, медбике,	Деректер жинауға арналған сауалнамалар	Жылдың басында, тоқсан сайын (есептік кезең) деректер талдауы	Google кесте түрінде деректер базасын жасақтау

	мұғалімдерден, оқушылардан сауалнамалар алу, сабаққа қатысу, оларды талдау)		кітапханашы, психолог			
2	Педагогтардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін анықтау	Ағымдағы жағдайды бағалау, деңгей бойынша іріктеу, мұғалімдер қажеттілігін анықтау, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі бойынша бөлінген көшбасшылық үдерісін жүргізуді жоспарлау	Директордың оқу ісінің орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, зерттеуші топ	Жалпы орта білім беру жүйесі педагогикалық қызметкерлеріне қойылатын құзыреттілік талаптарының бағалау критерийлері	Құзіреттілік талаптарына сәйкестікті анықтау, қорытындысын шығару қыркүйек-қараша	Мұғалімдердің оқу-әдістемелік қажеттілігі кестесін құру
3	Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу	Оқушылардың қызығушылығын арттыру және оқыту үдерісін-дегі әдіс-тәсіл-дерді жетілдіруде мұғалімдердің бірлесіп жоспарлауын ұйымдастыру	Мектеп әкімшілігі, зерттеу тобы	Әдіс-тәсілдер топтамасы, пән мұғалімдерінің тәжірибелік жұмыстары	Пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен танысу жыл бойы	Әдістемелік жинақтар шығару
4	Мектептің даму басымдығын талқылау, анықтау (педкеңес, әдістемелік кеңесте)	МДЖ жақсартуға ұжымды тарту, олардың көшбасшылығын дамыту	Директор, директордың орынбасарлары бірлестік жетекшілері	Мектептің даму жоспары	Мектептің даму жоспары бойынша талдау тамыз	Пед ұжымның пікірі бойынша даму жоспарын бекіту
5	Оқушылардың оқуының жақсарғандығын	Оқыту мен оқуға жетекшілік ету	Директордың орынбасарлары	Бағамдау критерийлері	SWOT талдау жасау қараша	Білім берудегі білім сапасының

	бағамдау бойынша педкеңестер, әдістемелік кеңестер өткізу		мен мұғалімдер			нәтижесін шығару
6	«Lesson Study-сабақты зерттеу тәсілі мектеп тәжірибесінде»	Негізгі пәндер бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру және оқыту үдерісіндегі әдіс- тәсілдерді жетілдіруде мұғалімдердің бірлесіп жоспарлауын ұйымдастыру	Тренерлер, зерттеу тобы, директордың тәрбие, оқу ісі жөніндегі орынбасары	Зерттеу сыныптары, Lesson Study сабағының талдамалары	Зерттеу нәтижесін бірлестік отырысында баяндау <i>тоқсан сайын</i>	Пән мұғалімдерінің зерттеу жетістігін шығару
7	Мектеп мұғалімдерін біліктілік арттыру курстарында оқуға жіберу	Мектеп әкімшілігінің сұранысы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Мұғалімге қажетті құрал-жабдықтар	Курстан өту мониторингісін шығару <i>тоқсан сайын</i>	Педкеңес отырысында мұғалім есебін тыңдау
8	Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін бағамдау мақсатында сабақтарға қатысу, талдау, кері байланыс беру	Тренингтер жүргізу арқылы мұғалімдерге мотивация туғызу, аттестаттаудың жаңа жүйесі шеңберіндегі критерийлерге сәйкес бағамдау	Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері	Аттестаттаудың жаңа жүйесі шеңберіндегі критерийлері	Бірлестіктер бойынша онкүндіктер өткізу <i>жыл ішінде</i>	Мектеп сайтында онкүндік нәтижесін жариялау
9	«Тәлімгерлер мектебінің» жұмысын жаңа үлгіде ұйымдастыру және міндеті мен мақсатын айқындау	Тәлімгер мен тәлім алушы арасындағы үрдісті жаңаша жүзеге асыру	Зерттеуші мұғалімдер, директордың оқу ісінің орынбасары	Жаңа үлгідегі жоспарлар	Тәлімгердің тәлім алушымен жүйелі жұмысы <i>үнемі</i>	Педкеңес отырысында тәлімгер есебін тыңдау

10	Оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар жүргізу	Функционалдык сауаттылық тұжырымдамасына сай сабақ үрдісінде тапсырмалар құрастыру	Пән мұғалімдері	Функционалдык сауаттылық тапсырмалары үлгілері	Оқу сапасының жақсару мониторингісі <i>жыл бойы</i>	Пән мұғалімдерінің рейтингісін шығару
11	Шеберлік сыныптар өткізу арқылы көшбасшы мұғалімдердің кәсіби қызметін өзіндік үздіксіз жетілдіру жұмысына қолдау көрсету	Көшбасшылық жолындағы кедергілерге талдау жасау, мұғалімдерге кеңес беру	Мектеп әкімшілігі	Мұғалімнің қажеттілігі құралдары	Шеберлік сабақтарының сапалық талдауы <i>тоқсанына бір рет</i>	Көшбасшы мұғалімдердің десант сабақтарын ұйымдастыру
12	Көшбасшы мұғалімдердің мектеп ішінде әріптестерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізуі	Мектеп ішілік желілік қоғамдастық жұмысын дамыту	Директордың ғылыми әдістемелік орынбасары	Коучинг, тәлімгерлік, Lesson study, іс-әрекеттегі зерттеу жоспарлары	Тәжірибелік сабақтар өткізу кестесі <i>оқу жылы бойы</i>	Біліктілік категориясы рейтингісін шығару
13	Желілік қоғамдастық аясында басқа мектептермен байланыс орнату	Мұғалімдердің оқу мен оқытуды жетілдіруі үшін өзара әрекеттестік орнату, қолдау көрсету	Деңгейлік курс тренерлері	Семинар, дөңгелек үстел, курстар ұйымдастыру жоспарлары	Желілік қоғамдастық жоспарының орындалу барысы <i>тоқсанына бір рет</i>	Тәжірибе алмасу және тарату нәтижесін жариялау
14	Әр пән мұғалімдері жетістіктерінің мониторингі жүйесін құру (электронды портфолио)	Инновациялық педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке креативтік қасиеттерді дамыту мен	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері	Электронды портфолио топтамасы	Мектеп ішілік курстар ұйымдастырылу кестесі <i>оқу жылы бойы</i>	Пән мұғалімдерінің электронды портфолиосын жасақтауы

		қалыптастыруға ұмтылысы жоғары мұғалім моделін жасақтау				
3-бағыт		БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСШЫЛЫҚ				
1-басымдық		<i>Мектеп жұмысының білім беру бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге сәйкес болуын қадағалау</i>				
2-басымдық		<i>Оқушының оқуының жақсару деңгейі мен оған ықпал ететін факторларды анықтау</i>				
№	Іс-шаралар	Мақсаты	Іске асыруға жауапты	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Пәндердің оқытылу жағдайы бойынша бақылау	Пәндердің оқытылуы бойынша ағымдағы жағдайды анықтап, эвалюация жасау, кедергілерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын құру	Директордың орынбасарлары бірлестік жетекшілері	Білім алушының үлгерімінің көрсеткіші	Педагогикалық кеңесте бақылау қорытындысы талдауы	Білім сапасының диагностикасын жариялау
2	Мұғалімдердің орта мерзімді жоспармен жұмыс жүргізуін бағалау	Оқытудың спиральдік қағидатын орындау деңгейін бағамдау	Сабаққа қатысушылар	Smk.edu.kz, bilimland.kz ресурстары	Бірлестік жетекшілерінің есебі тоқсан сайын	Қадағалау парағын толтыру
3	Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының тиімділігін бағалау	Белсенді оқыту мен оқудың болуын қамтамасыз ету	Бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері	ҚМЖ жасауға ұсынымдар	Мектепшілік бақылау жүргізу жоспарға сай	Бірлестік отырысында талдау
4	Мұғалімдерден өзі сабақ беретін пән	Оқу бағдарламасының	Деңгейлік курс тренерлері,	Білім берудің мемлекеттік	Сабаққа қатысу кестесін жасақтау	Кері байланыс беру

	бойынша оқушылардан күтілетін нәтижені білуі мен түсінуі бойынша кәсіби сұхбат алу	мазмұны, педагогикалық және бағалау тәсілдерінің мақсатқа сай болуын түсіндіру	көшбасшы мұғалімдер	жалпыға міндетті стандарты, оқу бағдарламасы	<i>жоспарға сай</i>	
5	Оқу жоспарының вариативті бөлімі бойынша жұмыстар сапасын бағалау	Қолданбалы курстар, таңдау пәндерінің берілу тиімділігін бағалау, даму басымдығын анықтау	Директордың оқу ісі орынбасары, бірлестік жетекшілері, модерация тобы	Вариативті бөлім жоспарлары	Жоспарланған кесте бойынша оқушының жеке іс-әрекеті мен мұғалім шығармашылығына бақылау <i>жоспарға сай</i>	Қорытындысы анықтама
6	Сабақта оқушылардың проблемаларды шешу қабілетін дамыту деңгейін сараптау	Мұғалімдердің оқушыларды проблемаларды шешуге тарту стратегияларын тиімді қолдану деңгейін анықтау	Директордың орынбасарлары бірлестік жетекшілер	Проблемалық тапсырмалар топтамасы	Тақырыптық бақылауға сай <i>тоқсан ішінде</i>	Өзара тәжірибе алмасу сабақтарына қатынасу
7	Сабақта оқушылардың сын тұрғысынан ойлауға үйрету сапасын бағалау	Мұғалімдердің оқушыларды сыни ойлауға үйрету деңгейін анықтау	Директордың орынбасарлары бірлестік жетекшілері	Сыни ойлау тапсырмалары	Тақырыптық бақылауға сай <i>тоқсан ішінде</i>	Өзара тәжірибе алмасу сабақтарына қатынасу
8	Сабақта оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларының қалыптастыру деңгейін бағамдау	Мұғалімдердің оқушыларда ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру стратегияларын қолдана алу деңгейін бағамдау	Директордың орынбасарлары бірлестік жетекшілер	STEM бағыттары бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік	Мектепішілік бақылау кестесі бойынша бақылау	Пән мұғалімінің бірлестік отырысында есебін тыңдау

				ұсынымдар.		
9	Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау бойынша жұмыстар	Оқу мақсаттарына сай тапсырмалар құруға дағдылану, бағалау тапсырмаларын сараптау	Пән мұғалімдері	Бағалау тапсырмалары үлгілері	Бірлестік отырысында БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын талдау жылына 4 рет	Пән бойынша тапсырмалар жинағын шығару
10	Жиынтық бағалау үшін модерация рәсімін ұйымдастыру және жүргізу	Бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру	Пән мұғалімдері	Модераторлық тәртіп бойынша құжаттар, әдістемелік ұсыныстар	Мектеп координаторының есептік талдауы тоқсан сайын	Сараптамалық анықтама

4-бағыт		МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУЫ МЕН ӨЗГЕЛЕРДІ ОҚЫТУЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ				
1-басымдық		<i>Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін үздіксіз жетілдіру жағдайын қамтамасыз ету арқылы өз бетімен білім алуға бағыттау</i>				
2-басымдық		<i>Озат тәжірибені оқып үйрену, жетілдіру және тарату жағдайын қамтамасыз ету</i>				
№	Іс-шаралар	Мақсаты	Іске асыруға жауапты	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Пән мұғалімінің жағымды имиджін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу	Мұғалім мамандығының беделін арттыратын ақпараттық шараларды дамыту	Пән мұғалімдері	Әдістемелік, ғылыми әдебиеттер, құжаттар, бейнефильмдер	Өткізілген шаралар талдауы үнемі	Бейнероликтер дайындау
2	Үлгілік қағидалардың негізінде Педагогикалық әдеп кеңесін құру	Мұғалім имиджін қалыптастыру	Мектеп директоры, кәсіподақ комитеті	Үлгілік қағидалар	Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы жыл ішінде	Педкеңестерде ақпарат беру
3	Педагогикалық және	Мұғалімдерді оқу	Директор,	Шеберлік	Өзара іс тәжірибе	БАҚ құралдарына

	әдістемелік кеңестерде, ӘБ отырыстарында мұғалімдер тәжірибесін жетілдіру бойынша мәселелерді қарастыру	процесін ұйымдастыруға үйрету және практикалық дайындығын қамтамасыз ету	директордың орынбасарлары пән мұғалімдері	сағаттарының жоспарлары	жинақтау қорытындысы <i>жылына екі рет</i>	жариялау
4	Мұғалімнің кәсіби стандарты талаптарының негізінде мұғалімдерді жаңа форматтағы аттестаттауды ұйымдастыру	Біліктілік категорияларын жоғарылату	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Біліктілікті арттыру қағидалары талаптары	Аттестаттау нәтижелері мониторингісін жасақтау <i>жоспар бойынша</i>	Қорытындысы анықтама
5	Шығармашылық зертханалар жұмысын жетілдіру	Мұғалімдердің кәсіби құзырлық деңгейін үздіксіз жетілдіруге жағдай жасау, әдістемелік мақалалар, жазбалар, нұсқаулықтар шығаруға қолдау көрсету	Директор орынбасарлары бірлестік жетекшілері	Шығармашылық зертхана, оқу кабинеттерінің талабы	Шығармашылық жұмыстар көрмесін жасау <i>сәуір</i>	Шығармашылық жұмыстар жинағын шығару
6	Өртүрлі деңгейдегі мұғалім топтарымен жұмыс • жас мұғалімнің қалыптасу мектебі • педагогикалық шеберлікті жетілдіру мектебі	Мұғалімдердің инновациялық жұмыстағы қызметін жетілдіру, әдістемелік оқытудың әдістемесін меңгеру	Жас мамандар мектебінің жетекшісі, бірлестік жетекшілері	Мұғалімге қажетті құрал-жабдықтар	Пән мұғалімдері мен тәлімгерлердің жұмыс бағытын саралау <i>жоспарға сай</i>	БАҚ құралдары мен әдістемелік журналдарға өз пікірімен үздік сабақтарын жариялау
7	«Үздік педагог», «Педагогикалық	Педагогикалық шеберліктерін	Директордың ғылыми	Конкурс Ережелері	Пән мұғалімдерінің жетістік рейтингісін	Мектеп сайтында жариялау

	идеялар панорамасы» т.б. кәсіби байқауларға мұғалімдердің қатысын қамтамасыз ету	жетілдіру, өзіндік рефлексиялауға ықпал ету	жұмыстар жөніндегі орынбасары, педагогтер		шығару <i>оқу жылы ішінде</i>	
8	Мектепшілік оқыту курстарын ұйымдастыру	Мұғалімнің әдістемелік жұмысының тиімділігіне ықпал ететін білім берудегі инновациялық процестерге қолдау көрсету	Деңгейлік курс тренерлері	Оқыту семинарларына қажетті жабдықтар	Желілік қоғамдастық тарапынан серіктес мектеп мұғалімдерін тарту <i>каникул кезеңдерінде</i>	Lesson study бойынша оқу курстарының қорытындысын шығару
9	Өз тәжірибесін тарату және тәжірибе алмасу бағытында бұқаралық ақпарат құралдарында, журналдарда жарияланымдар ұсыну	Тәжірибе тарату арқылы өз бетімен білім алу және өзгелерді оқыту	Пән мұғалімдері	Әдістемелік құралдар, жарияланымдар, нұсқаулықтар	Бірлестік отырыстарында есеп беру <i>тоқсан сайын</i>	Мұғалімдердің үздік жұмыстарын, сабақтарын веб-сайттарда, ютуб каналдарда орналастыру
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІ						
<i>5-бағыт</i>						
<i>1-басымдық</i>		<i>Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін анықтау және дамыту</i>				
<i>2-басымдық</i>		<i>Білім алушылардың оқу мақсаттарына жетуіне жағдай жасау</i>				
№	Іс-шара	Мақсаты	Іске асыруға жасауы	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін	Диагностикалық жүргізу арқылы	Мектеп психологтары	Әдістемелік әдебиеттер,	Диагностикалық карта <i>қыркүйек, қазан</i>	Педкеңесте есеп беру

	анықтау үшін психологиялық-педагогикалық диагностиканы ұйымдастыру	оқушылардың жеке қажеттілігін анықтау		сауалнамалар		
2	4 және 9 сыныптардағы оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін білім беру мониторингінің нәтижелері бойынша қарастыру	Оқу жетістіктерінің нәтижелерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау	Мектеп әкімшілігі	Функционалдық сауаттылық тапсырмасы жинағы	Оқу жетістіктерінің мониторингісін шығару <i>уақытында</i>	Педкеңесте пән бойынша қорытындымен таныстыру
3	Халықаралық салыстырмалы зерттеулер тапсырмаларын сабақ барысында пайдалану арқылы оқу мақсатына жету: -PISA-дағы 15 жастағы оқушылар (математика, оқу сауаттылығы, ғылыми жаратылыстану -PIRLS 4-сынып оқушылары (мәтінді оқу және түсіну сапасы); -TIMSS 4,8 сынып оқушылары (математика және ғылыми сауаттылық); -ICILS 8 сынып оқушылары (компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты бағалау)	Оқушылардың оқу мақсаттарына сапалы, нәтижелі жетуіне жағдай жасау	Пән мұғалімдері	Халықаралық салыстырмалы зерттеулер тапсырмалары	Оқу мақсаттарының орындалу деңгейін көрсету <i>үнемі</i>	Бірлестік отырыстарында талқылау жасау

4	Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық ғылыми жобалар сайыстарына, олимпиадаларға, байқауларға дайындық	Өздерінің шығармашылық және зияткерлік әлеуетін пайдаланып, өзекті мәселелерді шешуге бағыттау, өзін-өзі танытуға бағдарлау	Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері	Дарындылықты дамыту бойынша әдістемелік ресурстар, нормативтік құжаттар	«Дарын», «Зерде» және т.б. жобалар мониторингісін жасау жарты жылдық бойынша	Мектеп сайтында жариялау
5	Білім алушылардың үлгерім көрсеткіштерін жақсартуға және оқуда қиындығы бар оқушыларды анықтауға бағытталған жұмыстар,	Оқудағы кедергілер себептерін анықтау, іс-шаралар жоспарын құру	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	Тоқсандық қорытынды бағасының нәтижелері, үлгерім табелі	Әр тоқсан сайын сабаққа қатысу жазбасы тоқсан аяғында	Үлгерім сапасының қорытындысы
6	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бастапқы және үдерістен кейінгі бағалау	БЖБ, ТЖБ қорытындысын талдау, кедергінің себептерін анықтау	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	Формативті және жиынтық бағалар	Сабақ үдерісін қадағалау жоспарға сай	Білім алушылардың оқу жетістіктерінің рейтингісі
6-бағыт						
ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК						
1-басымдық						
Білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету						
№	Іс-шара	Мақсаты	Іске асыруға жауапты	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Оқушылар денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар	Қазақстан Республикасының Конституциясы, Бала құқығы Конвенциясы талаптарын орындау	Мектеп директоры, директордың орынбасары, медициналық қызметкерлер, аспазшы	Өмір қауіпсіздігі бойынша нормативтік актілер, қауіпсіздік мәселелерін реттейтін	Күнделікті арнайы журналдарды тіркеу жыл бойы	Мектеп дәрігері мен сынып жетекшісі талдауы

				жергілікті құжаттар		
2	Балалардың әлауқатының индексіні тестілеу бойынша әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен танысу	Материалдық жағдай, денсаулық, білім, қауіпсіздік және әлеуметтену жағдайын анықтау	Әлеуметтік педагог, психолог, медициналық қызметкерлер	Тестілеу индексі мен талаптар	Күнделікті бақылау қорытындылары <i>жылына екі рет</i>	Директор жанындағы мәжілісте баяндау
3	Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету	Өмірлік дағдыларын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологтар	Әдебиеттер, бейнефильмдер	Оқушылармен жүргізілетін сұхбаттар нәтижесі <i>жыл бойы</i>	Сынып жиналысы хаттамалары
4	Отбасыларға әлеуметтік, құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	Психологиялық қызмет пен мектептің келісім қызметін жүзеге асыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологтар	Тренингтер, ашық есік күндері жоспарлары	Қолдау көрсету қорытындылары <i>уақытында</i>	Күнделік жүргізу
5	Балалардың кибер мәдениетін қалыптастыру шаралары	Интернетте қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологтар, сынып жетекшілері	Бейнефильмдер, сұхбаттар	Өзара сұхбат нәтижелері <i>жыл бойы</i>	Сұхбат талдамалары
6	Мектепті бейнебақылау жүйелерімен, жеке шкафтармен, ауыз сумен гигиена құралдарымен жабдықтау	Құрал жабдықтармен қамтамасыз ету	Мектеп әкімшілігі, директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары, күзет	Бейнебақылау камералары, шкафтар, ауыз су қондырғысы, гигиеналық құралдар	Күнделікті арнайы журналдарда белгілеу <i>күн сайын</i>	Нәтижесін хабарлап отыру

			қызметкерлері			
7	Жыл сайынғы медициналық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	Мектептегі барлық тұлғалардың денсаулығын сақтауды ұйымдастыру, қадағалау	Медицина қызметкерлері	Іс-шаралар жоспары	Медициналық-профилактикалық шаралардың нәтижелерін талдау <i>жылына 2 рет</i>	Оқушылардың денсаулығы туралы есеп беру
8	Мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары	Өрт қауіпсіздігі, төтенше оқиғаларды болдырмау шараларын жүзеге асыру	Директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары,	«Қауіпсіз мектеп» шараларын жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжат	Күнделікті бақылау <i>жыл бойы</i>	Нәтижесін хабарлап отыру

7-бағыт

АТА-АНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСПЕН ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

1-басымдық

Мектепті басқаруға және дамытуға қолдау жасау

<i>№</i>	<i>Іс-шара</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Іске асыруға жауапты</i>	<i>Ресурстар</i>	<i>Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)</i>	<i>Нәтижесі туралы ақпарат</i>
1	Қамқоршылық кеңесінің мектепті дамытуға ықпал ету жұмыстары	Бөлінген көшбасшылық қағидаты бойынша Мектеп Жарғысына сай мектепке көмек көрсету	Мектеп директоры, орынбасарлары, Қамқоршылық кеңесі	Мектептің Қамқоршылық кеңесінің қызметін реттейтін нормативтік құжаттар, отырыстардың хаттамалары, іс-шаралар жоспары	Қамқоршылық Кеңес отырыстары <i>тоқсан сайын</i>	Мектеп ұжымына жария есеп

2	Мектептің ата-аналар комитетінің қызметін белсендіру	Мектеп пен ата-аналар арасында ақпарат алмасу үшін қажетті жағдай жасау	Мектеп директоры, орынбасары, сынып жетекшілері	Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары, отырыс хаттамалары, аралық есептері	Ата-аналар жиналысы хаттамалары тоқсан сайын	Ата-аналар форумын өткізу
3	Ата-аналарды мектептің даму жұмысына тарту шаралары	Бірлескен жұмыс арқылы оқушының оқуы мен тәрбиесін жақсарту	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Ата-аналарға берілетін жадынама	Жоспарға сай бірлескен жұмыс қорытындылары тоқсан сайын	Қорытынды есеп

8-бағыт		МАТЕРИАЛДЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ				
1-басымдық		Оқу үдерісін қаржылық және ресурстық қамтамасыз ету				
№	Іс-шара	Мақсаты	Іске асыруға жауапты	Ресурстар	Мониторинг/орындау мерзімі-аралық және қорытынды (кім/қалай/қашан?)	Нәтижесі туралы ақпарат
1	Жаңа модификациялық үлгідегі жабдықтармен пән кабинеттерін, STEM-кабинетті, спорт залдарын жаңарту	Мектептің жүйесінде басқарудың қазіргі заманғы нысандарын енгізу	Бухгалтер, сатып алу бойынша маман, шаруашылық меңгерушісі	Мектеп бюджетінің және шығындары құжаттары	Алынған құрал жабдықтар тізбесі жыл ішінде	Сатып алу жоспарына сәйкес актілер
2	Педагогтерді және кабинеттерді компьютермен қамтамасыз ету бойынша «1 мұғалім-1 компьютер» жобасын іске асыру	Қолайлы оқу ортасын құруға жағдай жасау	Бухгалтер, сатып алу бойынша маман, шаруашылық меңгерушісі	Мектеп бюджетінің жоспарлануы	Жылдық есептер жыл ішінде	Сатып алу жоспарына сәйкес актілер

3	Электронды құжат айналымы, мектептің веб сайты, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілер жұмысын жолға қою	Құжат айналымын жүзеге асыру	Әкімшілік, педагогтер, жүйе әкімшісі	Құжаттар тізбесі	Орындалған жұмыстар бойынша кері байланыстар <i>үнемі</i>	Жарияланымдар
4	Bilim land электрондық ресурстарын оқыту үдерісінде қолдану	Электрондық ресурстарды оқыту үдерісінде қолдану	Пән мұғалімдері	Электрондық ресурстар	Пән мұғалімдерінің қорытынды есептері <i>жылына екі рет</i>	Бірлестік хаттамалары
5	Электронды портфолио қорын пайдалану	Электронды ресурстар қорын жасақтау	Пән мұғалімдері	Портфолио жасақтау ережесі	Пән мұғалімдерінің қорытынды есептері <i>жыл соңында</i>	Электронды портфолио қоры туралы есеп
6	Кітапхананы оқулықтармен қамтамасыз ету	Оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Кітапханашы, бухгалтер	Оқу құралдарының нормативті тізімдемесі	Жоспарға сай статистикалық есеп <i>жылына екі рет</i>	Оқулық базасы есебі